

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Екі жұлдыз»

(ересек, ортаңғы тобы)

Өткізген: Топ тәобнешілері

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Екі жұлдыз»

Мақсаты: Тәрбиеші мен балалар арасында тығыз байланыс орнату. Бірлікке, ұйымдастырушылыққа, патриоттыққа, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу болып табылады. Армысыздар, құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер және қонақтар!

Қырандай қалықтап, әсем әнмен шарықтап, Қазақстанды аралап, өнерліні жағалап, алыстан ат арытып, микрофонды тоздырған «Екі жұлдыз» байқауы міне біздің де балабақшамызға келіп жетті.

Байқау «**Ғажайып музыка әлемі**» атты музыка апталығының аясында тәрбиешілер мен бүлдіршіндер арасында өткізілгелі отыр.

Байқауды өткізудегі мақсатымыз балабақшамыздың бүлдіршіндерін эстетикалық тәрбие беруді арттыру, тәрбиеші мен балалар арасында тығыз байланыс орнату. Бірлікке, ұйымдастырушылыққа, патриоттыққа, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ халқы қашанда өнермен өнерпазға кенде болмаған ғой. Ал, ән әлеміндегі жұлдыздарымыздың орны бөлек. Аспан әлеміндегі сан жұлдыздың жарқырай көрінуі – бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз. «Жұлдыздың жансын!» - деген қазақы ак тілекпен бүгінгі байқауымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

Біздерде ойын-сауық басталады,

Тамаша көңіл күймен ән салады

Қош келдіңіз «Екі жұлдыз» жобасына

Ұмыттарсыз 1 ай бойғы шаршағанды, –

дей келе байқауымызға қатысушы жұлдызды жұптарымызды қошеметпен ортаға шақырайық.

Сахна төріне

1-жұп сұңғақ бойы келбетіне сай түскен, қашпайтұғын тапсырылған бар істен, , ренжімей күлімдейтін, ашуы еш білінбейтін, ұжымның көңілін өзіне тек қана жақсы іс-әрекетімен тарта алатын, атқарар ісіне жанын салатын *«Айгөлек» ересек тобының тәрбиешісі Амангожина Әсем* мен еш ескерту алмайтын, апайының соңынан бір елі қалмайтын бүлдіршініміз **Қойбағарова Маяны** ортаға шақырамыз.

2-жұп — ойлаған ойы мен сұңғақ бойында бір міні жоқ, асықпай қадам басатын, үн-түңсіз қырдан асатын, ибалы жүзді, ниеті ізгі мен таудай болған ниеті мен талабы *«Бәйтерек» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ембергенова Аида*, тобымның сенімін ақтай аламын, бүгінгі сайысқа бар күшімді саламын деп келген бүлдіршініміз **Айжұлдызды** сахна төріне құрметпен, қошеметпен шақыралаық!

3-жұп – Балаларды аялаған, салтанатты сәні бар, адамдық қасиеттердің бойында бәрі бар, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын, әрдайым күлімдеп, баларды жан тәнімен түсінетін, әр кимылдан жан дүниесін білетін балабақшамыздың психологы **Дүзбаева Тұрсыннай** мен оның салмақты жүзді, қоңыр көзді, өнерлі кішкентай бүлдіршініміз **Марат Айдайды** ортаға құрметпен шақырамыз.

4-жұп жас маман, сонда да өз ісіне ұқыптылықпен бойлаған, үйренем деп талпынған, қисық кетпес салтымнан, айтқан тапсырманы тындыратын ұдайы, сүйкімді де сыпайы балабақшамыздың жас маманы **Амантаева Камилла** мен өнерлі де сүйкімді, биязы өзі салмақты бүлдіршініміз **Медетқызы Айзерені** ортаға шақырамыз.

Ендеше қатысушылар сіздерге сахна төріне «Қош келдіңіздер», - дейміз. Келесі кезекте қатысушыларымызға әділ төрелігін айтар әділқазылар алқасымен таныс болайық:

1. Балабақша меңгерушісі Бекмурзина Гульнара Жаксылыковна
2. Шалқар ауданы білім бөлімі маманы Бекенова Жансәуле Әбілқайырқызы
3. Ата аналар төрайымы Ибрайымқызы Бағдат

Қатысушыларымызды қошеметпен орындарына шығарып саламыз.

Ал ендігі кезекте «Екі жұлдыз» жобасының ережесімен таныс болыңыздар!

Жоба 2 кезеңнен тұрады:

1 – кезең «Әнді сүйсең менше сүй» деп аталады. Қатысушылар еркін тақырып бойынша 1 ән шырқауы керек.

2 – кезеңіміз «Тапқыр болсаң тауып көр» деп аталады. 5 әннің сөзін, яғни қазақша әннің сөзін дәлме-дәл орыс тіліне, орыс әнін қазақ тіліне аударып жасырамыз. Және 5 әннің музыкасын тыңдап, қандай ән екенін табу керек. Бұл кезеңде басты назар жылдамдыққа, шапшаңдыққа аударылады. Қандай ән екенін тауып, сол әнді орындауларыңыз керек.

Қатысушы жұптарымыз төмендегі критерийлер бойынша бағаланады.

I кезең

Сырт келбеті, киім кию үлгісі	Шығармашылық, ән таңдау деңгейі;	Әнді орындау шеберлігі
----------------------------------	-------------------------------------	---------------------------

II кезең

Әнді табу жылдамдығы	Әнді орындау шеберлігі
----------------------	------------------------

1 – кезең «Әнді сүйсең менше сүй» деп аталады. Қатысушылар еркін тақырып бойынша 1 ән шырқауы керек.

-«Айгөлек» ересек тобының тәрбиешісі **Амангожина Әсем** мен еш ескерту алмайтын, апайының соңынан бір елі қалмайтын бүлдіршініміз **Қойбағарова Маяны** ортаға шақырамыз. Ән: Ертегілер

-«Бәйтерек» ортаңғы тобының тәрбиешісі **Ембергенова Аида**, тобымның сенімін ақтай аламын, бүгінгі сайысқа бар күшімді саламын деп келген бүлдіршініміз **Айжұлдызды** сахна төріне құрметпен, қошеметпен шақыралық! Ән: Анашым

- балабақшамыздың психологы **Дузбаева Тұрсынай** мен оның салмақты жүзді, қоңыр көзді, өнерлі кішкентай бүлдіршініміз **Марат Айдайды** ортаға құрметпен шақырамыз. Ән: Балақан

- балабақшамыздың жас маманы **Амантаева Камилла** мен өнерлі де сүйкімді, биязы өзі салмақты бүлдіршініміз **Медетқызы Айзерені** ортаға шақырамыз. Ән: Тәтті тәтті

Кезекті екінші кезеңге береміз. 2 – кезеңіміз «Тапқыр болсаң тауып көр» деп аталады. 5 әннің сөзін, яғни қазақша әннің сөзін дәлме-дәл орыс тіліне, орыс әнін қазақ тіліне аударып жасырамыз. Және 5 әннің музыкасын тыңдап, қандай ән екенін табу керек. Бұл кезеңде басты назар жылдамдыққа, шапшаңдыққа аударылады. Қандай ән екенін тауып, сол әнді орындауларыңыз керек.

Екінші кезеңіміз де аяқталды.

Әділ қазылар қорытындылап болса бүгінгі жұлдызды кешіміздің жеңімпаздарын анықтау үшін сахна төріне қошеметтеп әділ қазылар алқасын шақырамыз.

Марапаттау кезеңі

Осымен бүгінгі «Екі жұлдыз» ән байқауы өз мәресіне жетті. Байқауымызды барлығымыз білетін, «Екі жұлдыз» жобасының символына айналған «Екі жұлдыз» әнімен қорытындылаймыз. Барша қатысушыларды сахна төріне шақырамыз!

